

**6D011300 – «Биология» мамандығы бойынша философия докторы  
дәрежесін алу үшінқорғауға ұсынылған Ажмолдаева Клара  
Байжигитовнаның "Болашақ биолог мұғалімдерді кәсіби даярлауда  
өлкелік компоненттерді пайдаланудың әдістемелік негіздері"  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми қеңесшінің  
ПІКІРІ**

Ажмолдаева Клара Байжигитовнаның диссертациялық зерттеуі жоғары және орта мектепте биологияны оқыту әдістемесі мен практикасы саласында өзекті мәселеरдің бірі. Жүргізілген зерттеулердің өзектілігі айқын, өйткені білім алушы оқу үрдісіндегі басты субъект болғандықтан назардың барлығы оның тұлға ретінде қалыптастып, дамуына аударылады. Осы тұрғыдан алғанда оқушы мен мұғалімнің өзара ынтымақтастығы үлгісін оқу үрдісінде қалыптастыру, оның оқыту әдістерінің үйлесімділігі негізінде жүзеге асырылуын анықтап беріп отыр. Бұл басым бағыттар мектепте жаратылыстану пәндері бойынша экологиялық білім беруді жетілдіруге негіз болады, сонымен қатар биолог мұғалімдерді кәсіби даярлауда өлкелік компоненттерді пайдаланудың әдістемелік негіздерін анықтау болып келеді. Ажмолдаева Клара Байжигитовна диссертациялық жұмысын орындау барысында білім беру процесін ұйымдастырудың әдіснамасын жетік менгерген және білім беру жүйесінің көзіргі заманға сәйкес оқу үрдісін ұйымдастыру деңгейлерін толық менгерген маман ретінде өзін көрсете алды. К.Б.Ажмолдаеваның орындалған ғылыми зерттеулері дәріс беру кезінде жүргізілді, тікелей білім беру үрдісімен байланыста болды. Маңыздылығы бойынша болашақ биолог мұғалімдерді даярлау мақсатында «Қазақстан өсімдіктерінің биоэкологиясы» атты қолданбалы курсынының авторлық бағдарламасы, мектеп оқушыларына арналған «Биологиялық өлкетану» атты авторлық бағдарлама және «Жалпы биология» атты оқу құралы, «Атлас семейства Лютиковых» атты атласы ЖОО-да және жалпы білім беретін мектеп тәжірибелерінде қолдануға болатындығы.

Диссертациялық жұмыс барысында докторант отандық және шетелдік психологиялық, педагогикалық және әдістемелік еңбектерге жүйелі талдау жасап, зерттеудің мақсаты мен міндеттері нақты белгіледі, зерттеудің теориялық негіздерін айқындағы. Болашақ биолог мұғалімдерді кәсіби даярлауда өлкелік компоненттерді пайдаланудың әдістемелік негіздері мәсесесінің теориялық және әдіснамалық зерттелуі докторант тарапынан анықталған қайшылықтарды шешуге әдістемелік үлес қосуды талап етті, әрине бұл зерттеудің өзектілігін анықтай түсті.

Әдістемелік негізді әзірлеу мақсатында болашақ биолог мұғалімдерді кәсіби даярлауда өлкелік компоненттерді пайдаланудың ғылыми-педагогикалық негіздері бойынша зерттеулер жүргізе отырып, отандық және шетелдік ғалымдардың көптеген жұмыстарын қарастырды.

Қойылған мақсат пен міндеттерді шешу барысында К.Б.Ажмолдаева болашақ биолог мұғалімдерді кәсіби даярлауда өлкелік компоненттерді пайдаланудың ғылыми – педагогикалық негіздерін қалыптастырудың

құрылымы мен ғылыми-педагогикалық негіздерін нақтылады. Әдістемелік әдебиеттерді талдау барысында биолог-мұғалімдерінде өлкелік компоненттерді пайдаланудың әдістемесін негіздеуге және диссертациялық зерттеулердің нақты нәтижелерін алуға мүмкіндік берді.

Диссертациялық зерттеу барысында болашақ биолог мұғалімдердің кәсіби даярлауда өлкелік компоненттерді пайдаланудың ғылыми-педагогикалық негіздерінің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды, әзірленген әдістеме докторанттың алға қойған мақсат-міндеттерін толық шешілуіне бағытталған.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында Клара Байжигитовна өзін қалыптасқан ғалым және білікті педагог ретінде көрсете алды. Зерттеу барысында диссертация «Биология» мамандығы студенттерінің өлкелік компонентке деген қызығушылықтарын арта отырып, тұған өлкеге жаңашырлықпен, жауапкершілікпен қарауға тәрбиелегенін атап көрсету қажет. Докторант Ажмолдаева К.Б. кәсіби шеберлігі, жоғары деңгейдегі ізденімпаздылық арқасында диссертациялық жұмыста койылған мақсат-міндеттерді ойдағыдай шешуге мүмкіндік берді.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы келесіде:

- жоғары оқу орындарында биолог-мұғалімдердің даярлауда өлкелік компонентті пайдаланудың теориялық және практикалық мәселелері зерттелді;
- жоғары оқу орындарында биологияны оқытуда Арап маңы өсімдіктер жүйесінің өлкелік компонент ретіндегі мазмұны іріктеліп, нәтижесінде мектепке арналған «Биологиялық өлкетану», «Қазақстан өсімдіктерінің биоэкологиясы» тақырыбындағы қолданбалы курс бағдарламасы мен «Атлас актуальных растений семейства Лютиковых региона Приаралья» атты атлас жасалды;
- педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог мамандардың даярлауда өлкелік компонентті пайдаланудың әдістемесі жасалды;
- биолог мамандардың даярлау үдерісінде өлкелік компонентті енгізу бойынша педагогикалық тәжірибе жүргізіліп, нәтижелері оқу үрдісінде ендірілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы болашақ биолог мұғалімдердің даярлауда мақсатында «Қазақстан өсімдіктерінің биоэкологиясы» атты курс қолданбалы курс бағдарламасы педагогикалық ЖОО-да және жалпы білім беретін мектеп тәжірибелерінде қолдануға болады. Сондай-ақ, биолог мамандардың даярлау барысындағы "Қазақстан биоресурстары" элективті курсының оқу бағдарламасы мен оқу-әдістемелік кешеніне өлкелік компоненттерге байланысты мәліметтер енгізілді.

Жүргізілген диссертациялық зерттеудің жаңалығы, практикалық маңызы нақты көрсетілген, алынған нәтижелер ғылыми және теориялық түрғыдан дәлелденген, толық аяқталған жұмыс деп есептеймін.

Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім Министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, Scopus дерекқор

базасында еңбектер жарияланды, сонымен қатар алыс, жақын халықаралық және республикалық деңгейдегі конференцияларда еңбектері жарық көрген. Шетелдік ғылыми кеңесшімен онлайн тағылымдама өту барысында диссертациялық жұмыстың нәтижелері талқыланды. Ажмолдаева Клара Байжигитовнаның «Болашақ биолог мұғалімдерді кәсіби даярлауда өлкелік компоненттерді пайдаланудын әдістемелік негіздері» тақырыбында орындалған диссертациясының дербестігі айқындалып, ғылыми жаңалығы және практикалық құндылығы жоғары деңгейдегі жұмыс екені анықталды. Докторант К.Б.Ажмолдаева диссертациялық жұмысын Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы 8D015-Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/8D01513-Биология) бағыты бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңесте қорғауға лайықты деген пікір білдіремін.

Корқыт Ата атындағы  
Қызылорда университеті,  
б.ғ.д., профессор



С.Ж. Ибадуллаева

